

«Қамқоршылық» кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ № 1

Мерзімі: 10.10.2023 жыл.

Қатысқаны: «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері, «Қамқоршылық» кеңесі мүшелігіне үміткерлер, мектеп әкімшілігі, хатшы.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау және кеңес мүшелері құрамын қайта бекіту туралы. Кеңес мүшелерінің міндеттерін тағайындау.

**Тыңдалды: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Әбдіқалықова сөйледі:**

Мектептегі қамқоршылық кеңесі - мектептің дамуына ықпал ететін, қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы басқару орган.

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 01.03.2023 № 56 бұйрығы негізінде 2023-2024 оқу жылында қамқоршылық кеңес мүшелерін қайта жасақтау, қайта сайлау мақсатында қамқоршылық кеңес құрамын қайта жасақтау туралы хабарландыруды әлеуметтік желілерге жүктеп, ұсыныс білдірген үміткерлердің құжаттарын мектептің әлеуметтік поштасы арқылы қабылдадық. Қабылданған құжаттар қайта сайлау бойынша құрылған комиссияға ұсынылып, тексерілді. Нәтижесінде Д. Тажигутова, Б. Күзенбай, А. Суликанова, А.Нурпейсова, С. Қиынбаева, Ж. Табылғанов, С.Абдрахманов, Л. Алабаева, А. Бекбосынов, Ж. Ермекова, Г.Балманьязова құжаттары қабылданды.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы қызметін атқарып келген Т.Табылғанов құрам тізімінде болмағандықтан қайта сайлауға тура келеді. Сондықтан өздеріңіздің ұсыныстарыңызды айтып, ортақ шешіммен қамқоршылық кеңес төрағасын сайлап алсақ. Себебі жұмыстың ілгеру жүруі үшін ол өте маңызды. Сіздердің ортақ шешімдеріңіздің негізінде біз қалалық білім бөліміне ұсынатын боламыз.

Қамқоршылық кеңесіне жүктелетін міндеттер:

- Білім алушылардың тәрбие және білім алу сапасын арттыру мақсатында оқу – тәрбие үрдісін ынталандыру.
- Бюджеттен тыс тартылған қаржыны мақсат бойынша жұмсау.
- Білім беру ұйымының материалдық – техникалық базасын, аумағы мен ғимаратын абаттандыруды жетілдіруге жәрдемдесу.
- Әр түрлі деңгейдегі конкурс, сайыс, байқауларға білім алушыларының қатысуын ұйымдастыру
- Заңды көмек көрсету.

**Сөйлеушілер:**

**"Қамқоршылық кеңес" мүшесіне үміткер А. Нурпейсова :** қамқоршылық кеңестің жұмысы төрағаға байланысты болады. Сондықтан арамыздан бір жас үміткер шығып, осы тізгінді өз қолына алса деймін.

**"Қамқоршылық кеңес" мүшесіне үміткер А. Бекбосынов :** мен де солай ойлаймын. Өз кандидатурамды ұсына алмаймын. Себебі біздің қызметте аяқ астынан оқыс оқиғалар, шақыртулар болып қалады. Отырыстар ұйымдастырылатын күндері жүктелген жауапкершілікті

алып, соңына дейін бола алмай қалам ба деп ойлаймын. Бірақ кеңес мүшесіне үміткер болып, өз ұсынысымды білдіргесін барлық іс шаралар мен тапсырылған міндеттерді алып жүремін.

**"Қамқоршылық кеңес" мүшесіне үміткер Д.Тажигутова:** мен осы мектеп-лицейінің ата-анасымын. Барлық өткізіліп жатырған іс-шараларына, жиналыстарына қатысып отырамын. Осы тұста әлеуметтік желіде жарияланған хабарландыруды көріп, өз өтінішімді білдірген едім. Барлық кеңес мүшелерінің айтып отырғандарын тыңдап отырмын, аталған жауапкершілікті ескере отырып, өз кандидатурамды ұсынамын.

**"Қамқоршылық кеңес" мүшесіне үміткер Г. Балманьязова:** Төрағалыққа өз ұсынысын білдірген қамқоршылық кеңес мүшесіне ешкім қарсы емес деген ойдамын. Барлығымыз өзімізге берілген міндетті абыроймен атқарамыз, алдағы жұмысымызға сәттілік тілеймін.

### **Шешім:**

2023-2024 оқу жылында Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінің қамқоршылық кеңес төрайымы – Д. Тажигутова және орынбасары Б.Күзенбай болып бекітілсін.

Кеңес құрамы төмендегі ретпен қайта бекітілсін:  
бекітілді.

1. Тажигутова Динара Максимовна- қамқоршылық кеңес төрағасы
2. Күзенбай Бекмұрат Сабанбайұлы- қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары
3. Суликанова Акмарал Болатовна - қамқоршылық кеңес мүшесі
4. Нурпейсова Агерке Алдашукировна -қамқоршылық кеңес мүшесі
5. Қиынбаева Светлана Куанышовна -қамқоршылық кеңес мүшесі
6. Табылганов Жандос Махматович- қамқоршылық кеңес мүшесі
7. Абдрахманов Сагат Шаймарданович- қамқоршылық кеңес мүшесі
8. Алабаева Лариса Магелланқызы- қамқоршылық кеңес мүшесі
9. Бекбосынов Асылхан Сагинтаевич- қамқоршылық кеңес мүшесі
10. Ермекова Жазира Булатовна- қамқоршылық кеңес мүшесі
11. Балманьязова Гулдарига Минсизбаевна-қамқоршылық кеңес мүшесі
12. Абдрахманова Зарина Жараскановна- қамқоршылық кеңес мүшесі
13. Талап Азамат Серікұлы- қамқоршылық кеңес мүшесі.

Қамқоршылық кеңестің отырыстарын өткізу мен ұйымдастыру кеңес төрайымы  
Д. Тажигутоваға жүктелсін.

«Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы:



Т. Табылганов

Хатшы:



Ә. Әбілдаева